**Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1294 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 253 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.03.2014 № 253 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1294 қаулысымен бекітілген

## «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың

бірыңғай ақпараттық жүйесі шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымдардың (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) электрондық форматтағы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал ) арқылы дәрігерді (учаскелік терапевт/учаскелік педиатр/жалпы практикалық дәрігер) үйге шақыру қызметін ұсынуды регламенттейді.

Мемлекеттік қызмет сондай-ақ жеке тұлға немесе оның өкілі уәкілетті ұйымға тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы көрсетіледі, ол уәкілетті ұйымның тіркеу журналында тіркеледі.

2. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті ұйым – күн сайын дүйсенбіден жұма аралығында үзіліссіз, сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс күндері: жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес мереке күндері;

2) портал – тәулік бойы.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 433 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің және «Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын және Азаматтарды бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1263 қаулысының негізінде ұсынылады.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті алушылар жеке тұлғалар (бұдан әрі – тұтынушы) болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет тұтынушыға:

1) тікелей жүгінген кезде уәкілетті ұйымның ғимаратында;

2) телефон байланысы арқылы;

3) электронды форматта – порталдағы жеке кабинетте көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында: www.mz.gov.kz;

2) уәкілетті ұйымдардың үй-жайларында;

3) порталда;

4) ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталығының телефоны (1414)

арқылы да ұсынылады.

9. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелері:

1) тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы - уәкілетті ұйымның шақыруды тіркеу журналында жазылу, одан кейін дәрігердің келу күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру;

2) порталға электронды форматта жүгінген кезде – осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның электрондық-цифрлық қолы қойылған дәрігерді үйге шақыру туралы анықтама беру (электрондық түрде);

3) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салу қабылданған соң көрсетілген мерзімде үйде медициналық көмек көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет уәкілетті ұйымға тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы өтініш жасалған күні көрсетіледі. Бұл ретте, мемлекеттік қызметті алуға сұрау салу тұтынушыларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсетуге жағдайлар қарастырылған (өрт қауіпсіздігі, күтуге арналған демалыс орындары) уәкілетті ұйымда көрсетіліп, уәкілетті ұйымның жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін).

Электрондық форматта мемлекеттік қызмет порталға өтініш жасалған күні көрсетіледі. Бұл ретте, мемлекеттік қызмет алуға сұрау салу уәкілетті ұйымның жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін).

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Уәкілетті ұйымға тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы тұтынушының мемлекеттік қызметті алуы үшін:

1) жеке басын куәландыратын құжаты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін – туу туралы куәлігі);

2) тіркелген халықтың тіркеліміне сәйкес осы уәкілетті ұйымға тіркеуінің болуы қажет.

Мемлекеттік қызметті порталда алу үшін тұтынушының:

1) жеке басын куәландыратын құжаты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін – туу туралы куәлігі);

2) тіркелген халықтың тіркеліміне сәйкес осы уәкілетті ұйымға тіркеуінің болуы қажет.

Мемлекеттік ақпараттық жүйеде қамтылатын жеке басын куәландыратын

құжаттың мәліметтерін, осы уәкілетті ұйымға тіркеуінің болуын уәкілетті ұйым уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 433 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Уәкілетті ұйымға тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштердің бланкілерін толтыру талап етілмейді.

Электрондық форматта мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы осы «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандартына (бұдан әрі – стандарт) 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында порталдағы жеке кабинетте сұрау салуды толтырады.

13. Уәкілетті ұйымға тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде жауап беру (растау немесе бас тарту) мерзімі 10 минуттан аспайды, осы уақыт ішінде тұтынушыға ауызша жауап беріледі.

Тұтынушының сұрау салуы бойынша порталда электрондық форматта жауап беру (растау немесе бас тарту) мерзімі 30 минуттан аспайды, осы уақыт ішінде тұтынушыға осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық форматта жауап беріледі.

14. Тұтынушының мемлекеттік қызметті тікелей уәкілетті ұйымнан немесе телефон байланысы арқылы алуға сұрау салуы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда қабылданбайды.

Тұтынушының электрондық форматта мемлекеттік қызметті алуға сұрау салуы:

1) Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған;

2) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 40-бабымен көзделген нормаларға сәйкес келмеген жағдайларда қабылданбайды.

## 3. Жұмыс қағидаттары

15. Уәкілетті ұйымның тұтынушыға қатысты қызметі мына қағидаттарға негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) заңдылықты сақтау;

3) тұтынушылармен жұмыс істеу кезінде этика және деонтология қағидаттарын сақтау;

4) мемлекеттік қызметті көрсетудің уақтылығы мен сапасы;
5) өтініштерді қарау кезінде лауазымдық тұлғалар қызметінің айқындылығы.

## 4. Жұмыс нәтижелері

16. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
17. Уәкілетті ұйымдардың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

18. Осы стандартқа 4-қосымшада уәкілетті ұйым қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру тәртібін түсіндіретін және шағымдарды әзірлеуге жәрдемдесетін лауазымдық тұлғаның байланыс деректері көрсетілген.
19. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағымдар тұтынушының таңдауы бойынша мыналарға жүгіну арқылы:
1) электрондық мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының тікелей басшыларына жіберіледі;
Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары (бұдан әрі – басқармалар) басшыларының азаматтарды қабылдауы осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ www.mz.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналасқан кесте бойынша жүзеге асырылады;
2) (8-7172)-74-32-40, 74-32-45 нөмірі бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «сенім телефондарына»;
3) осы Стандартқа 6-қосымшада көрсетілген басқармалардың «сенім телефондарына»;
4) www.mz.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсындағы «сұрақ-жауап» бөлімінде;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогына (www.mz.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі интернет-ресурсының «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогы» беті);
6) 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 5-кіреберіс мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер арқылы;

7) 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 5-кіреберіс мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кеңсесіне жазбаша шағым арқылы жіберіледі.

20. Порталда мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуге арналған шағымдарды тұтынушы порталдың call-орталығының телефоны бойынша (1414) жолдайды.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

22. Мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуге шағым құзыретіне шағымда көрсетілген мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымдық тұлғаға жіберілуі тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі және тұтынушының қолы қойылады. Шағым беру кезінде субъектінің атауы немесе әрекеттеріне шағым жасалатын лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, шағымдану дәлелдері мен талаптар көрсетіледі.

23. Қабылданған шағым Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ақпаратты есепке алу журналында (электрондық форматта) тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімдерде қаралады. Өтініш иесіне күні және уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Өтініш иесіне шағымды қарау нәтижелері туралы пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

«Дәрігерді үйге шақыру»
мемлекеттік қызмет
стандартына
1-қосымша

**Дәрігерді шақыруға сұрау салуды тіркеу туралы анықтама (электрондық түрде)**

Расталған жағдайда:

«Құрметті ____________________________________________
Сіздің өтініміңіз қабылданды.

Сізге «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызметі көрсетілетін болады.

Дәрігердің келу кезеңі 20__ жылғы « »_____ сағат ___ сағат ___ дейін.

Дәрігердің Т.А.Ә. ____________________________________________

Уәкілетті ұйым басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасы.»

2. Бас тартылған жағдайда:

«Құрметті ________________________________________________

Сізге «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тартылды.

Бас тарту себебі: ______________________________________

Уәкілетті ұйым басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасы.»

«Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

## Порталдағы жеке кабинетте электрондық құжат нысанында сұрау салу нысаны

Мемлекеттік қызмет атауы: «Дәрігерді үйге шақыру».

ЖСН:____________________________________________________

Т.А.Ә.:__________________________________________________

Мекенжайы туралы мәлімет:__________________________________

Тіркеу бейіні:_____________________________________________

Шақыру себебі:____________________________________________

Қосымша ақпарат:_________________________________________

«Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

## Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің алдағы жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдың ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1. Электрондық деректерді толтырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. Қолжетімділік | | | |
| 3. Қызмет ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 4. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі) | 0 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 5. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 6. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

«Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

## Шағымдану тәртібін түсіндіретін облыстардың, Алматы және Астана қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының лауазымдық тұлғаларының байланыс деректері

| Р/с № | Уәкілетті лауазымдық тұлғалардың әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану және шағымды әзірлеуге жәрдемдесу бойынша органның атауы | Электрондық поштаның мекенжайы | Уәкілетті лауазымдық тұлғалардың әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымды әзірлеуге жәрдемдесетін тұлғаның лауазымы | Уәкілетті лауазымдық тұлғалардың әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымды әзірлеуге жәрдемдесетін лауазымдық тұлғаның телефон нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы | d b @ uz.astana.kzs.kurmanova@ uz.astana.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7172) 556825 |
| 2 | Алматы қаласының денсаулық сақтау басқармасы | mail@dzalmaty.kzigisinova @dzalmaty.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7272) 274-98-55 |
| 3 | Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы | oblzdrav@ kokshetau.online.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7162) 256877 |
| 4 | Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы | lech.aoblzdrav@mail.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7282) 273314 |
| 5 | | e.tatimov@mail.ru | | 8(7132) 540756 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы | | Бастықтың орынбасары | |
| 6 | Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасы | oblzdrav_atyrau@ mail.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7122) 354581 |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | uk_oblzdrav@mail.ru | Басшының орынбасары | 8(7232) 241878 |
| 8 | Жамбыл облысының денсаулық сақтау басқармасы | uzo_zhambyl@mail.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7262) 430930 |
| 9 | Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | dzzko@mail.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7112) 505592 |
| 10 | Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы | info@zdravkrg.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7212) 411413, 411461 |
| 11 | Қостанай облысының денсаулық сақтау басқармасы | odzkost@yandex.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7142) 390503 |
| 12 | Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы | info@uzdr.orda.gov.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7242) 235333 |
| 13 | Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы | oblzdrav_kanz@mail.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7292) 302050, 302034 |
| 14 | Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы | gimadieva.dz@ pavlodar.gov.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7182) 510207, 559652 |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | zdrav@sko.kz | Бастықтың орынбасары | 8(7152) 463739 |
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | arnur-2003@mail.ru | Бастықтың орынбасары | 8(7252) 565327 |

«Дәрігерді үйге шақыру»
мемлекеттік қызмет
стандартына
5-қосымша

## Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармалары басшыларының азаматтарды қабылдау кестелері

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Р/с № | Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының атауы | Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Бейсенбі 14-00-ден бастап 16-00-ге дейін |
| 2 | Алматы қаласының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Жұма 15-00-ден бастап 18-00-ге дейін |
| 3 | Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Жұма 16-00-ден бастап 18-00-ге дейін |
| 4 | Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Сәрсенбі 16-00-ден бастап 18-00-ге дейін |
| 5 | Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Барлық жұмыс күндері 10-00-ден бастап 17-00-ге дейін |
| 6 | Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | 2, 4 дүйсенбі 11-00-ден бастап 12-30-ге дейін |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысының денсау ық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Бейсенбі 14-00-ден бастап 16-00-ге дейін |
| 8 | Жамбыл облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Сейсенбі, бейсенбі 15-00-ден бастап 17-00-ге дейін |
| 9 | Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Сейсенбі, бейсенбі 15-00-ден бастап 16-00-ге дейін |
| 10 | Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Жұма 16-00-ден бастап 18-00-ге дейін |
| 11 | Қостанай облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Төртінші сейсенбі 15-00-ден бастап 17-00-ге дейін |
| 12 | Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Күн сайын 15-00-ден бастап 17-00-ге дейін |
| 13 | Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Сәрсенбі 17-00-ден бастап 18-00-ге дейін |
| 14 | Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Жұма 11-00-ден бастап 13-00-ге дейін |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Бейсенбі 15-00-ден бастап 17-00-ге дейін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | Бастықтың орынбасары | Сейсенбі 17-00-ден бастап 19-00-ге дейін |

«Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік қызмет стандартына
6-қосымша

# Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының сенім телефондары

| Т/б № | Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының атауы | Сенім телефонының нөмірі |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7172) 556823, 556825 |
| 2 | Алматы қаласының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7272) 2755890, 2755960 |
| 3 | Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7162) 255187, 251655 |
| 4 | Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7282) 273314, 210763 |
| 5 | Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7132) 563055, 540756 |
| 6 | Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7122) 354571, 354581 |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7232) 523202, 241878 |
| 8 | Жамбыл облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7262) 433636, 430930 |
| 9 | Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7112) 512888, 513500 |
| 10 | Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7212) 411413, 411461 |
| 11 | Қостанай облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7142) 390506, 390503 |
| 12 | Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7242) 235341, 238090-3041 |
| 13 | Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7292) 302050, 302034 |
| 14 | Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7182) 513021, 559652 |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7152) 469355, 463739 |
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы | 8(7252) 560047, 565325 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1294 қаулысымен бекітілген

**«Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымдардың (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) электрондық форматты www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы дәрігердің (учаскелік терапевт/учаскелік педиатр/жалпы практикалық дәрігер) қабылдауына жазылу қызметін ұсынуды регламенттейді.

Мемлекеттік қызмет сондай-ақ жеке тұлға немесе оның өкілі уәкілетті ұйымға тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы көрсетіледі, ол уәкілетті ұйымның тіркеу журналында тіркеледі.

2. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті ұйым – күн сайын дүйсенбіден жұма аралығында үзіліссіз, сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс күндері: жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес мереке күндері;

2) портал – тәулік бойы.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 433 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің және «Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын және Азаматтарды бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1263 қаулысының негізінде ұсынылады.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті алушылар жеке тұлғалар (бұдан әрі – тұтынушы) болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет тұтынушыға:

1) тікелей жүгінген кезде – уәкілетті ұйымның ғимаратында;

2) электронды форматта – порталдағы жеке кабинетте;

3) телефон байланысы бойынша көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында: www.mz.gov.kz;

2) уәкілетті ұйымдардың үй-жайларында;

3) порталда;

4) ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталығының телефоны (1414) арқылы да ұсынылады.

9. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелері:

1) уәкілетті ұйымға тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы - уәкілетті ұйымның дәрігерінің қабылдауына алдын-ала жазылу журналына жазу және дәрігерлердің қабылдау кестесіне (бұдан әрі – кесте) сәйкес дәрігердің қабылдау күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру;

2) порталға жүгінген кезде электрондық форматта – осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті ұйымның электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылған нысан бойынша электрондық түрде дәрігердің қабылдауына жазылу туралы анықтама беру;

3) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салу қабылданған соң көрсетілген мерзімде тұтынушыға медициналық көмек көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет кестеге сәйкес тұтынушыға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсетуге жағдайлар көзделген (өртке қарсы қауіпсіздік, күтуге арналған демалыс орындары) уәкілетті ұйымда көрсетіледі.

Уәкілетті ұйымға тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде тұтынушыға мемлекеттік қызметті таңдағанда кестеге сәйкес дәрігердің бос уақытын таңдау мүмкіндігі беріледі.

Порталда электронды форматта тұтынушыға мемлекеттік қызметті таңдау кезінде кестеге сәйкес дәрігердің бос уақытын таңдау мүмкіндігі беріледі.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Уәкілетті ұйымға тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы тұтынушының мемлекеттік қызметті алуы үшін:
1) жеке басын куәландыратын құжаты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін – туу туралы куәлігі);
2) тіркелген халықтың тіркеліміне сәйкес осы уәкілетті ұйымға тіркеуінің болуы қажет.
Мемлекеттік қызметті порталда алу үшін тұтынушының:
1) жеке басын куәландыратын құжаты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін – туу туралы куәлігі);
2) тіркелген халықтың тіркеліміне сәйкес осы уәкілетті ұйымға тіркеуінің болуы қажет.
Мемлекеттік ақпараттық жүйеде қамтылатын жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтерін, осы уәкілетті ұйымға тіркеуінің болуын уәкілетті ұйым уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 433 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
12. Уәкілетті ұйымға тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштердің бланкілерін толтыру талап етілмейді.
Мемлекеттік қызметті электрондық форматта алу үшін тұтынушы порталдағы жеке кабинетте электрондық құжат нысанында жүйелі сұрату салуларды толтырады.
13. Уәкілетті ұйымға тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде жауап беру (растау немесе бас тарту) мерзімі 10 минуттан аспайды, осы уақыт ішінде тұтынушыға ауызша жауап беріледі.
Тұтынушының сұрау салуы бойынша порталда электрондық форматта жауап беру (растау немесе бас тарту) мерзімі 30 минуттан аспайды, осы уақыт ішінде тұтынушыға осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық форматта жауап беріледі.
14. Тұтынушының мемлекеттік қызметті тікелей уәкілетті ұйымнан немесе телефон байланысы арқылы алуға сұрау салуы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда қабылданбайды.
Тұтынушының электрондық форматта мемлекеттік қызметті алуға сұрау салуы:
1) Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған;
2) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11

қаңтардағы Заңының 40-бабымен көзделген нормаларға сәйкес келмеген жағдайларда қабылданбайды.

## 3. Жұмыс қағидаттары

15. Уәкілетті ұйымның тұтынушыға қатысты қызметі мына қағидаттарға негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
2) заңдылықты сақтау;
3) тұтынушылармен жұмыс істеу кезінде этика және деонтология қағидаттарын сақтау;
4) мемлекеттік қызметті көрсетудің уақтылығы мен сапасы;
5) өтініштерді қарау кезінде лауазымдық тұлғалар қызметінің айқындылығы.

## 4. Жұмыс нәтижелері

16. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Уәкілетті ұйымдардың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

18. Осы стандартқа 3-қосымшада уәкілетті ұйым қызметкерлерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым беру тәртібін түсіндіретін және шағымдарды әзірлеуге жәрдемдесетін лауазымдық тұлғаның байланыс деректері көрсетілген.

19. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағымдар тұтынушының таңдауы бойынша мыналарға жүгіну арқылы:

1) электрондық мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының тікелей басшыларына жіберіледі;

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары (бұдан әрі – басқармалар) басшыларының азаматтарды қабылдауы осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ www.mz.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналасқан кесте бойынша жүзеге асырылады;

2) (8-7172)-74-32-40, 74-32-45 нөмірі бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «сенім телефондарына»;

3) осы Стандартқа 5-қосымшада көрсетілген басқармалардың «сенім телефондарына»;

4) www.mz.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсындағы «сұрақ-жауап» бөлімінде;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогына ( www.mz.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі интернет-ресурсының «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогы» беті);

6) 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 5-кіреберіс мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер арқылы;

7) 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 5-кіреберіс мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кеңсесіне жазбаша шағым арқылы жіберіледі.

20. Порталда мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуге арналған шағымдарды тұтынушы порталдың call-орталығының телефоны бойынша (1414) жолдайды.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

22. Мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуге шағым құзыретіне шағымда көрсетілген мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымдық тұлғаға жіберілуі тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі және тұтынушының қолы қойылады. Шағым беру кезінде субъектінің атауы немесе әрекеттеріне шағым жасалатын лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, шағымдану дәлелдері мен талаптар көрсетіледі.

23. Қабылданған шағым Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ақпаратты есепке алу журналында (электрондық форматта) тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімдерде қаралады. Өтініш иесіне күні және уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Өтініш иесіне шағымды қарау нәтижелері туралы пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

«Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

## Дәрігердің қабылдауына жазылуды тіркеу туралы анықтама (электрондық түрде)

1. Расталған жағдайда:

«Құрметті ______________________________________________

Сіздің өтініміңіз қабылданды.

Сізге «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызметі көрсетілетін болады.

Дәрігердің болу кезеңі 20__ жылғы « » ____ сағат ____ сағат _ _ _ дейін.

Кабинеті № ________

Дәрігердің Т.А.Ә. ________________________________________

Уәкілетті ұйым басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасы».

2. Бас тартылған жағдайда:

«Құрметті ______________________________________________

Сізге «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тартылды.

Бас тарту себебі: ________________________________________

